

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының “Алтын Жұлдыз”, Қазақстан Журналистер одағының Тұрар РЫСҚҰЛОВ және Саттар ЕРУБАЕВ атындағы сыйлықтарының, “Алтын жүрек” сыйлығының иегері

№30
/Сәрсенбі/
25 шілде 2018 ж.

www.aigak.kz
E-mail: aigak@mail.ru

АИГАК

МЕДИА



«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ САЙЛАНДЫ



“Нұр Отан” партиясының Шымкент қалалық филиалының төрагасы сайланды.

Шымкентке «Нұр отан» партиясы төрагасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев іс-сапармен келді. Мәулен Сагатханұлы алдымен «Нұр Отан» партиясының жобасы аясында ашылған «Отыраар» кітапханасындағы көвөркін орталығына барды.

Бұдан кейін Мәулен Сагатханұлы «Нұр Отан» партиясының Шымкент қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткен XXXIV конференцияға қатысты. Конференцияда Шымкент қаласының өкімі Файдолла Әбдірахымов “Нұр Отан” партиясының қалалық филиалының төрагасы болып сайланды.

Мәулен Сагатханұлы 12 жыл «Нұр Отан» партиясының Шымкент қалалық филиалының төрагасы болған Әмірзак Мелдехановқа алғыс айтты.

Тұс аяу партия Төрагасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев «Нұр Отан» бастамасымен ашылған IT-орталыққа ат басын бұрды. Атап, орталық шаһармыздың оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде және М. Әуезов атындағы ОҚМУ де орналасқын. Қос оқу ордасындағы соңғы үлгіде жабдықталған технологияларды тамашаған төрага осындай орталықтар мен тегін IT сыйнұттар жобасы «Ақылды экономика» үшін мамандар даярлауга үлкен мүмкіндік екенін атап етті.

«Нұр Отан» партиясы маңызды мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға үлес қосып, әлеуметтік мәселелердің он шешілүіне ықпал ету мақсатында бірқатар стратегиялық жобаларды қолға алды. Партия қызыметін жаңғыру аясында жүзеге асырылып жатқан бұл бастамалар негізінен инновацияция, ақпараттық технологияларға және заманынан жаңа талаптарына бейімделген. Осыған орай, партиялық жобалардың жүзеге асырылу барысын бақылау үшін, партия Төрагасының Бірінші орынбасары шаһармыздың бірқатар IT орталықтарға ат басын бұрды. Алғаш болып аталағыш топ Шымкент қаласындағы ОҚМПУ-дагы

IT-сыйнұттарды аралап, білім беру бағытымен танысты.

Атап өттін болсақ, ОҚМПУ-дегі IT-сыйнұттар мамыр айында ашылған болатын. Мұнда қазіргі таңда 6 сыйнұтта түрлі бағытта сабактар өтуде. Нәтижесінде алдағы екі жылдын ішінде шаһарда 23500-ге жуық бала IT-технологияның қыр-сырын менгеріп шықпақ.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін, білікті мамандар қажет екені түсінікті. Осы мәселеге назар аударған партия Төрагасының Бірінші орынбасары жастаңды мектеп кезінен бастап даярлап, оны жүйелі түрде жүргізу керектігін айтты. Сондай-ақ, ол өз сөзінде «Елбасының тапсырмасына сәйкес «Нұр Отан» партиясы еліміз бойынша 1000 тегін IT сыйнұт ашу жобасын қолға алып, сол бағытта жұмыс істеуде. Мұндағы бағытта мақсат – балаларға бағдарламалу мен робот техникаларының негіздерін үйретіп, оларға қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім беру. Соған орай, бүтінде еліміздің барлық өңірлерінде осындағы сыйнұттар ашылып, өз жұмыстарын бастап жатыр. IT сыйнұттар факультатив түрде тереңдетілген білім береді. Сондықтан, бұл бастаманы партияның «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына қосқан үлесі деп те қарастыруға болады», – деді.

Мұнан соң алқалы тоқ М. Әуезов атындағы ОҚМПУ-не бет бұрды. Партиялық жоба бойынша бұл орталықта өнірдегі информатика пәннін мұғалімдері бағдарламалу, робот техникалары және ЗД моделдеу негіздерін үйренуде. Жыл сайын мұнда 40 маманды оқытып, біліктілігін арттыру көзделіп отыр.

Орталық тәлімгерлерімен кездескен «Нұр Отан» партиясы Төрагасының Бірінші орынбасары қазіргі таңда білікті программистерге деген сұраныс ете жогары екеніне назар аударды. Мұндай мамандар өлем бойынша тапсырыстар қабылдан, жұмыс істей алады.

Жомарт БЕГІМБЕТ.



«Нұр Отан» партиясы төрагасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтың сапары Түркістан қаласында жалғасты. Рұхани орталықта «Нұр Отан» партиясының Түркістан облыстық филиалының кезектен тыс конференциясы етті. Жиынтау Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев және делегаттар қатысып, конференцияны Олимпиада жүлдегері Денис Тенді бір минут үнсіздікпен еске алушмен бастады.

Конференцияда партия жұмысын жаңырту, қоғаммен байланысты қүшету, ҚР Президенттің бесінші орталықтың бес алеуметтік бастамасын жүзеге асыру жұмыстарына қоғамдық бақылауды қүшету жолдары талқыланды. Жиынтау Мәулен Әшімбаев жаңадан құрылған Түркістан облысының болашағы жарқын болатынына сенім білдірді. Түркістанның қазақ тарихындағы маңызына тоқталды. Партия филиалы осы шаһарды дамытып, ірі орталыққа айналдыруға күш салу керектігін жеткізді.

– Түркістан Елбасы саясатының арқасында дамудын жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл тарихи шешім ата-бабаларымыз бастап кеткен іргелі істің лайықты жалғасы және қаланың есіл-өркендеуіне он асерін тигізетін маңызды қадам екені сөзсіз. Түркістан болашақта барша түркі әлемінің орталығына айналып, бұрынғы ата-даңынан қайта иемденеді деп сенеміз. Қаланың осындағы әлеуетін ескере отырып, біз Түркістанда мәдени туризмнің дамуына да аса мән беруіміз керек. Елбасының Түркістан облысын құрып, оның орталығы етіп Түркістан қаласын белгілеу тарихында алтын әріптегермен жазылатын оқига. Бұл шешім Түркістанның қайта түлеп, еліміздің есіл-өркендеуіне үлес қосатын орталыққа айналуына жол ашып отыр. Президент жаңа облысты дамыту жұмысын білімді де білікті басшы Жансейіт Түймебаевқа сеніп тапсырып отыр. Ол бұған дейін де көптеген қызыметтерді абыраймен

атқарды. Оңтүстік Қазақстан облысын дамыту жолында нәтижелі жұмыстар істеді. Шебер үйымдастыруши гана емес, белгілі түркітанушы ғалым. Түркіяда елші болып қызмет атқарған, Түркі әлемінің ерекшеліктерін, қыр-сырын жақсы біледі. Сондықтан бұл азamatтың ер түрік-тің бесінің болған Түркістандың гүлдендерін, бұрынғы даңқын қайта шыгаратынына сенеміз және жүктелген міндеттерді тыңғылдықты ақаратастына ешқандай күмәніміз жоқ. Осыған орай, Жансейіт Түймебаевты облыстық филиалдың төрағалығына ұсынамыз, – деді партия төрагасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев.

Конференция делегаттарының бірауыздан колдауымен облыс әкімі Жансейіт Түймебаев «Нұр Отан» партиясының Түркістан облыстық филиалының төрагасы болып сайланды. Мәулен Әшімбаев облыс әкімінің бұл қызметті де абыраймен ақаратастына сенім білдіріп, төрағалық қуелігін салтанатты түрде тапсырды.

Озіне артылған сенімді актауга уәде берген Жансейіт Түймебаев өңірді дамыту бағытында бар күш-жігері мен тәжірибелін жұмысайтынын айтты.

Конференцияда партия Саяси Кеңесінің кеңейтілген отырысы да үйымдастырылып, онда Елбасы айқындаған жаңа міндеттерді орындау жолдары талқыланды. Партиялық жаңа жобаларды Түркістан облысында тиімді жүзеге асыру мәселелері сез болып, Мәулен Әшімбаев партияның облыстық филиалыны тапсырмалар берді.

Осы жылда «Нұр Отан» партиясы Түркістан облыстық филиалы Саяси Кеңесінің, тексеру-бақылауда комиссиясының және Саяси кеңес бюросының құрамы да бекітілді. М. Әшімбаев конференцияда бекітілген партияның жаңа құрамына Елбасының бағдарламаларынан туындастырылған тапсырмалар мен міндеттерді сапалы түрде жүзеге асыруды жүктеді.

Абай ОМАР.

Тағайындау

**Ақментай ЕСБАЕВ -
Келес ауданының әкімі**



Түркістан облысының Келес ауданына жаңа әкім тағайындалды. ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың көлісімі бойынша облыс әкімі Жансейіт Тұймебаевтың әкімімен, сонымен бірге, меритократия қағидаты бойынша бұл қызметке Ақментай Есбаев кірісті.

Ақментай Усенұлы Есбаев 1972 жылы туылған, білім жогары, мамандығы бойынша біліктілігі экономист.

Еңбек жолын 1989 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы В.Ленин атындағы мектепте

өндірістік бригаданың жұмысшысы болып бастаған.

1989-2014 жылдары ОҚО, Сарыагаш ауданы Ф.Мұрагбаев совхозының кесілдәр комитетінде есепші, аудандық қаржы бөлімінің жергілік бюджет бөлімінің басшысы, ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының меншерушісі, ауданының экономика және қаржы бөлімінің бюджеттік және мониторинг секторының меншерушісі, ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы лауазымдарын атқарған.

Сонымен қатар екі ел басшылары алдағы кездесулер кестесін, соның ішінде биылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өтетін Бесінші Қаспий саммиті аясындағы кездесулер барысын қарастырды.

Телефон арқылы сөйлесуге Ресей жағы бастамашы болды.

Ақорда.



Бахыт АСАНОВ -

Мақтаарал ауданының әкімі

ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың көлісімі бойынша облыс әкімі Жансейіт Тұймебаевтың әкімімен бұл қызметті меритократия қағидатына сай Мақтаарал ауданының әкімі лауазымын Бахыт Нәсірханұлы Асанов өз міндетіне алды.

Б.Н.Асанов 1962 жылы туылған, білім жогары, мамандығы бойынша біліктілігі инженер-құрылышы.

Еңбек жолын 1984 жылы ЖМК «Жетісай ауыл құрылыш» тресінің нормалаушысы ретінде бастаған.

1986-2011 жылдары Ленин атындағы кеңшардың газдансызу жөніндегі жұмыстарды техникалық қадағалаушысы, Ленин атындағы кеңшардың құрылыш белімінің шебері, «Көксу» кеңшарының ага прорабы, «Жібек Жолы» сауда базасы директорының орынбасары, Республикалық жастар кәсіпкерлігін қолдау қоры директорының орынбасары, Алматы қалалық жастар кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі қордың Фрунзе аудандық филиалының директоры, Шымкент қалалық әкімшілігінің техникалық инспекцияның инспекторы, Шымкент қалалық әкімшілігінің техникалық инспекциясы бастығының орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай ауданы, Жылы су селолық округінің әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қаласының әкімі лауазымдарын атқарған.

2011 жылдың шілде айынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы, Мактаарал ауданы әкімінің орынбасары лауазымында қызмет етіп келді.

Жамантай БЕЙСЕНБАЕВ -

Жетісай ауданының әкімі



Түркістан облысындағы жақадан құрылған Жетісай ауданының әкімі тағайындалды. ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың көлісімі бойынша облыс әкімі Жансейіт Тұймебаевтың әкімімен бұл қызметті Жамантай Бейсенбаев атқарғын болды.

Ж.Қ.Бейсенбаев 1958 жылы туылған, білім жогары, мамандығы бойынша біліктілігі галым-агроном, заңгер. Еңбек жолын 1982 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданы «Пригородный» кеңшарының ага агрономы ретінде бастаған.

1984-2018 жылдары ауыл шаруашылығы қызметкерлері көсілдәр ауданының Жетісай аудандық комитетінің хатшысы, «Красная

звезда» кеңшарының партия комитетінің хатшысы, ОҚО, Жетісай ауданы әкімінің бірінші орынбасары, Мақтаарал ауданы ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, Мақтаарал ауданы, Жетісай қаласының әкімі, Мақтаарал ауданы әкімінің орынбасары, облыс әкімінің кеңесшілік лауазымдарын атқарған.

2018 жылдың сөүір айынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының әкімі тағайындағы қызмет етіп келді.

Кезекті басқосуда, Жансейіт Тұймебаев Мақтааралдың әкімін таныстыру кезінде, мақталы өлкеде алдағы уақытта атқарылар істік көптігіне токтальш, шекаралық аудандарға бірқатар мәселелер бұдан былай тезірек шешімін табатынна сенім білдірді.

**ҚОС ЕЛ БАСШЫЛАРЫ
КЕЗДЕСУ КЕСТЕЛЕРІН ҚАРАСТАРДЫ**



Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлайды Қазақстан Ресpubликасы Президентінің баспасөз қызметі.

Мемлекеттер басшылары әңгімелесу барысында екі жақты ынтымақтастықтың, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібінің мейлінше өзекті мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар екі ел басшылары алдағы кездесулер кестесін, соның ішінде биылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өтетін Бесінші Қаспий саммиті аясындағы кездесулер барысын қарастырды.

Телефон арқылы сөйлесуге Ресей жағы бастамашы болды.

Ақорда.

**I ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРГЕ
КҮТИМ ЖАСАУШЫ АЗАМАТТАР
29699 ТЕНГЕ АЛАТЫН БОЛАДЫ**

I топтагы мүгедектерге күтім жасаушы қазақстандықтар 30 мың теңгеге жуық алатын болады, деп хабарлайды Алматы бойынша еңбек, әлеуметтік қамту және көші-қон комитеті департаментінің басшысы Айдынжан Нарматов.

«2018 жылдың 1 шілдесінен бастап 18 жастан жогары бала кезінен I топтагы мүгедектерге күтім жасап келе жатқан тұлғаларға жаңа мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады. Жәрдемақы көлемі күнкөріс минимумынан (КМ) 1,05 немесе ағымдағы жылы 29 699 теңгенің құрайды», - деді А.Нарматов жұмадагы баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ, ол атап өткендей, жәрдемақы мүгедек жанының өзінің немесе заңды өкілінің өтініш жазған күнінен бастап және бала кезінен I топтагы мүгедектік қойылған барлық кезеңге тағайындалады. Бір отбасында екі немесе одан да көп бала кезінен I топтагы мүгедек болған жағдайда, жәрдемақы олардың өркайсысына тағайындалады.

«Мүгедектің өзіне арналған барлық тиісті әлеуметтік төлемдері сақталады», - деді А.Нарматов. 1 КМ = 28 284.

Алматы.

**«АНА ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»
газеттеріне жаңа басшылар тағайындалды**



Суретте: Ж.Әшімжан



Суретте: Д.Куат

«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы белгілі журналист, ақын Жанарбек Әшімжан республикалық «Ана тілі» газетінің басшысы болып тағайындалды. Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығына «Абай-ақпарат» Қазақстан интернет кеңістігінің дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті, жазушы

дан бастап Қазақстан Жазушылар одағына қарасты «Жұлдызы», «Простор», «Сын» журналдары мен «Қазақ әдебиеті» газеттерін біріктірген «ҚаламгерМедиа» орталығының директоры қызметін атқарды.

Д.Куат республикалық «Халық кеңесі», халықаралық «қазақ елі», республикалық «Жас Алаш» газеттерінде тілшілік қызметатқарды. 2004-2007 жылдары республикалық «Алтын орда» газетінде, 2008-2009 жылдары республикалық «Жас қазақ» газетінде, кейінгі жылдары «Abai.kz» ақпараттық порталында бас редактор лауазымында болды.

**«Егemen Қазақстан»
газеті.**

**Бұл аптада
кімдер
туылған?**

**26. 07. 1957 ж
Қылышбек Тұрлыбек**
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Құрылым» ЖШС-нің директоры

**26. 07. 1935 ж
Махамбет Сапарбаев**
ҚР балалар мен жасөспірімдер футболы қауымдастырының президенті, ҚР Спорт қайраткері

**29. 07. 1955 ж
Магана Сембаев**
«Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы

**29. 07. 1961 ж
Нұржан Әширов**
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Сапа - 2002» ЖШС-нің директоры

**29. 07. 1973 ж
Марина Лимаренко**
«Жыныс Қазақстан» газетінің директор - бас редакторы

**Құрметті тұтынған
күн иелері!**
Сіздерді «Айтак»
газетінің үкімші
тұган күндерінде шын
жүректен құттықтауды!

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР
ТАМЫЗДА 10 КҮН
ДЕМАЛАДЫ**

Биыл Құрбан айттың бірінші күні 21 тамыз - сейсенбі күніне тұра келеді. 2018 жылдың тамызында Қазақстан тұрғындары 10 күн демалады, деп хабарлайды Алтайның тілшісі.

Биыл Құрбан айттың бірінші күні 21 тамыз - сейсенбі күніне тұра келеді. Бұл күні бес күндік еңбек аптасымен жұмыс істейтіндерге демалыс жарияланған. Одан бөлек тамыздың 4-5, 11-12, 18-19 және 26 жүлдыздарына сәйкес келетін, күнтізбен қызылмен белгіленген сенбі-жексендік сыйынды заңды демалыс күндері бар.

Конституция күніне орай, күнтізбен демалыс деп белгіленген 30 тамыз билік бейсенбінде сөйкес келеді. Сол себепті сенбі, яғни 25 тамыз жұмыс күнінде жарияланып, ондағы демалыс 31 тамыз, жумага ауыстырылады. Осылайша қазақстандықтар 30-31 тамыз (бейсенбі, жұма) және 1-2 қыркүйек (сенбі-жексендік) күндері қатаранан 4 күн демалады.

Айта кетейік, 2018 жылға арналған Қазақстандағы мереке және демалыс күндері тізімін Электрондың үкімет порталынан қарай аласыздар.

«Айғақ»-ақпарат.

Мемлекеттесінде «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі өзекті екендігі айтылады. Осынан орай, ҚР Үкіметі жастар мәселесіне арнап «Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» («Серпін») атты жобасын ұсынған болатын. Жалпы бағдарлама басталғалы бері 4 жылда Түркістан облысы бойынша жоғары оқу орындарында – 6490, колледждерде – 1938 жас білім алуда. Демек, бағдарлама аясында білім алғып жатқан жалпы жастардың 50 пайызы түстік

СОЛТУСТІКТІ ТАҢДАЙТАН ТҮЛЕКТЕРГЕ 6 МЫҢДАЙ ГРАНТ БӨЛІНДЕ

өнірге тиесілі. Бүтін бұл туралы Түркістан облыстық өнірлік коммуникациялар қызметінде откен брифингте Отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқарма бойынша ұсынды – орынбасары Мұхтар Сейтжапбаров мәлім етті.

2017-2018 оқу жылына «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» бағдарламасына барлығы 4513

грант бөлінген. Биыл Түркістан облысында мектепті 33 мыңдан астам оқушы бітіріп, олардың 22091-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 19 мыңдан астамы шекті балды жинады.

«2018-2019 оқу жылында «Мәңгілік Ел жастары - индустрияға» жобасына 5829 мемлекеттік грант бөлініп отыр. Оның ішінде, жоғары оқу орында-

рына - 5089 грант бөлінсе, көсіптік-техникалық колледждерге - 740 грант қарастырылған. Биылдың жылы талапкерлерден құжат қабылдау мерзімі ерте басталды. Яғни ағымдағы жылдың 18-26 шілде аралығында Қазақстан бойынша барлық жоғары оқу орындарында құжаттар қабылданады», - деді Мұхтар Сейдахметұлы.

Айта кетерлігі, «Мәң-



СЕРПІН 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ-
ИНДУСТРИЯҒА

раты және Қ.А. Яссаяу атындағы Халықаралық Казак-Түрік университеті. Көсіптік-техникалық колледждерде білім алуда ниетті талапкерлерден құжаттар облыстық «Жастар ресурстық орталығы» гимназиянда ағымдағы жылдың 20 тамызына дейін жалғасады.



Түркістан облысында цифрандыру жүйесі 5 бағыт бойынша жүзеге асып келеді. Бастамада пилоттық жоба ретінде былтыр білім, құрылыш, ауылшаруашылығы қолға алынған болатын. Қазіргі таңда сол заманауи технологиялардың көмегімен іске асып жатқан жаңа бастама өнірімізде он нәтижесін беріп отыр. Бүгінде Түркістан қаласында да тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, мемлекеттік қызмет көрсету, туризм, денсаулық сақтау салалары да заманауи бағдарламаға енгізілуде. Бұл туралы сейсендіде өткен баспасөз жиһында Түркістан облыстық Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасынан басшысы Бастиар Ескараев мәлімдеді.

Елбасы өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік атты Жолдауында Үкіметке «Цифрандық Қазақстан» жеке бағдарламасын өзірлеуді және қабылдауды тапсырған болатын. Өз кезегінде бұл бағдарлама қабылданып, еліміздің барлық өнірлерінде жүзеге асырылуда.

Тұластай алғанда, бағдарламаңың басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру, әрі ұлттық экономиканы цифрандыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайыза-

дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрандық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрандық сауаттылығын 80 пайызга дейін арттыру көзделуде.

Жоба негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асатын болады. Бірінші бағыт – ауыл-аймақтың көнжолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік өлеуеттін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауылшаруашылығы және электрондық сауда) цифрандық технологияны ендіру. Үшінші – мемлекеттік органдар жұмысынан сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау.

Қазіргі таңда Түркістан облысында цифрандыру аясында бірқатар жобалар іске асырылуда. Солардың бірі-білім беру саласы. Цифрандырудың арқасында бұл салада да тыңсерпін бар. Жаңа процестерді қолдану арқылы аталған бағытта мектеп шәкірттерінің оқу үлгерімін бақылау, сондай-ақ үстаздардың қағазбастылықтан арылуына мүмкіндік туып отыр. Жалпы облыс бойынша 456 639 бала санымен 901 жалпы білім беру мектептері бар. Цифрандық индустрияның дамыту Білім беру министрлігінің ұлкен қызығушылығын туғызды және мемлекеттік қызметтер

ЦИФРАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ - ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

стандарттарына өзгерістер енгізуі маңытады. Бүгінгі таңда бұл жүйе басқа өнірлерде өкімшілік кедергілер мен сыйбайлар жемқорлықты азайтуда тиімді құрал ретінде пайдаланылуда.

Денсаулық сақтау саласында дәрігерді үйге шакырту, дәрігерлердің қабылдаудына жазылу, медициналық үйымдарға тіркелу қызметтері бойынша жиһынтық медициналық ақпарат жүйесі облысында жүзеге асырылған. Түркістан облысы бойынша қағазсыз технология бойынша ресім 2018 жылдың 2 сәуірінде іске қосылған. Осы орайда медициналық құжаттаманы қағазсыз негізде жүргізу 49 дан 16 пайызға төмөндейген. Басқармабасшысынан айтуда жыл соңына дейін денсаулық сақтау саласын 100 пайыз қамтамасыз ете отырып, дәрігерлер мен пациенттердің уақытын 50 пайызға қысқарту, сондай-ақ алдын-ала жазылудың үлесін 30 пайызға көтере отырып, «Тірі кезекті» 30 пайызға төмөндейдегі көзделемек.

Сондай-ақ, жыл басының бері Түркістан облысында 10 мыңдан аса жаңа босанған өйел сәбілерінің туу туралы күелігін проактивті өдіспен, яғни SMS-хабарлама арқылы ресімдеген.

Мекеме мамандары тараپынан «Проактивті өмірді таңда!» атты акциясы барысында 400-ден аса нәзік жандарға аталған қызмет түрі бойынша кеңес берілді. Проактивті қызметті тұрғындар арасында насиҳаттау үшін болашақ аналарға нұсқаулығы бар ақпараттық параллелер тараатылып келеді.

Айта кетерлігі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы аналарға бала туу бойынша мемлекеттік қыз-

меттерді проактивті тәсілмен алу жобасын жаңа жыл қарсайды іске қосын болатын. Содан бері баланың туу және басқа да тиісті қызметтерді тіркелу туралы өтініштер атап алардың көлісімімен SMS-хабарлама арқылы автоматтартырылады. Пилоттық жоба ретінде Түркістан қаласында бұл жүйе GPS трекері арқылы 22 автобуста орнатылмақ. Сондай-ақ, қауіпсіздік саласында маңызды трассаларда қолданылатын, жылдамдықты асыру бузушылықтарын суретке түсіріп алатын 6 мобильді кешен және қосымша 5 жиһынтық кешен алдырылуда.

Бүгінде өнірде «Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне кезекке қою және жолдама беру» процесін автоматтандыру жүйесі 358 мекемені қамтывытты отыр. Басқа аудандарда қалаларда жұмыстар жүргізілуде. Аталған жүйелер түрлі сыйбайлар жемқорлықтың төуекелдерін жойып, азаматтар үшін барынша ашық түрде және қолайлы болуын қамтамасыз етеді.

«Бүгінгітаңдаортабілім беру салаларында мемлекеттік-жекеменшік ынтымақтастық аясында «Күнделік» электрондық журнaldар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» енгізілуде. Қазір 901 мекемептің 87 пайызы жобага тіркеліп, жұмыс жүргізуде», - деді Бастиар Ескараев.

Ағымдағы жылды Түркістан облысында цифрандық білім беру ресурстарын енгізу аясында 1500 BilimBook ноутбуктарын және 200-ге жуық интерактивті панелдері сатып алындып, нәтижесінде оқушыларды компьютермен қамту деңгейінде жүргізуда болады.

Бетті дайындаған:
Ұлжан НАУШАБАЕВА.



Мемлекет басшысы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Аграрлық саясат енбек өнімділігін түбөгелі арттыруға және өндеген өнімнің экспорттың ұлғайтуға бағытталуы керек», деп тапсырма берген болатын. Осы ретте ағымдағы жылы Туркістан облысынан Өзбекстан Республикасына жөнелтілетін ауыл шаруашылығы өнім көлемі артып келеді. Бұғінгі таңда өнірден көрші елге үн, ет, май өнімдері экспорттауда. Туркістан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Серік Тұрбековтың ай-

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

тынша, ағымдағы жылдың 6 айында облыстығы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 146,4 млрд. теңгені қурап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырганда 25,4 млрд. теңгеге артқан. Республикада өнім көлемі бойынша облысымыздың үлесі 14,6 пайызға жетіп, 2-орынды иеленіп отыр. Ал ауыл шаруашылығы экспорттың өнім көлемі 68,6 млн. АҚШ долларын құрап, 18,2 пайызға артқан.

«2018 жылдың 6 айының қорытындысы бо-



йынша ауыл шаруашылығы негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 4686,4 млн. теңгеге жетіп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырган-

да 34 пайызды құрады. Сондай-ақ, ағымдағы жылы 448 мың гектар суармалы жерді игеру жоспары қазіргі таңда 3,3 пайызға артығымен орындалған. Бұдан өзге, биыл ауыл шаруашылығы саласындағы барлық техникалардың 6,2 пайызы жаңарды», - деді Серік Ордабекулы.

Сонымен қатар, бұғінгі таңда өнірде 60 мыңнан аса үй шаруашылықтары мен шагын фермер мүшелерінен құралған 704

дауындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», атты Жолдауының үшінші бағытында «Ақылды технологиялар» - агроенеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігіне тоқталған. Яғни, «егін егу мен астық жинаудың онтайлы уақытын болжамдаудың, «акылды суарудың»,ミニералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады» деп нақты бағытты тапсырмалар берген мәлімдемесінде.

2018 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша өнірдегі ірі қара майдың саны - 6,7 пайызға, қой мен ешкі саны - 5,2 пайызға, жылқы базы - 9,6 пайызға, түйе - 6,7 пайызға, құс саны - 13,8 пайызға артқан. Сондай-ақ, облыста есепті кезеңде 103,4 мың тонна ет, 364,4 мың тонна сүт, 95,1 млн. дана жұмыртқа өндірілген.

Бұдан өзге, «Сыбага» бағдарламасымен 7352 бас аналық сатып алынып, жалпы аналық басқа шакқандығы үлесі 13,8 пайызға жетті. «Алтын асық» бағдарламасымен 11 893 бас қой сатып алынып, жалпы аналық басқа шакқандығы үлесі 5,1 пайызға құраган. «Құлан» бағдарламасы аясында 2059 бас жылқы алынып отыр.

Сонымен қатар, тамшылатып сугару өдісі жағадан 6 223 гектар аумақта ендіріліп, жалпы көлемі 64,2 мың гектарға жеткен.

«Облыс бойынша дәнді дақылдардың барлық егіс көлемі 280,9 мың гектарды қурап, межеден 35,9 мың гектарға артты. Ал мақтанағы егіс көлемі 129,7 мың гектарға жетіп, жоспардан 24,7 мың гектарға өсіп

Елбасының халыққа үндеуінің бірінші бағыты «7-20-25» бағдарламасы аясында Туркістан облысында ағымдағы жылы жеке салушылар арқылы 360 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үйдің құрылышы жүргізілді. Оның жалпы аумагы - 18,6 мың шаршы метрді құрайды. Аталған үйлер 2019 жылы пайдалануға берілетін болады. Бұл туралы Туркістан облыстық өнірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Құрлыс басқармасы-



«7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН 6 КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



ның басшысы Құттыбек Жамашев мәлім етті.

Сонымен қатар, 2018 жылы облыста 172 инвестициялық жобаның іске асырылуына 30,6 млрд. теңге қаралған. Жыл соңына дейін 71-ін пайдалануға тапсыру жоспарланса, бұғінгі таңда 11 нысанның құрылышы аяқталып, пайдалануға берілген. Қалған 101 нысанның құрылышы 2019 жылға өтпелі.

«Әлеуметтік сала бойынша білім беру саласына жалпы 83 нысан құрылышына 15,9 млрд. теңге қаралған. Оның ішінде республикалық бюджеттен құрылышы жоспарланған 16 мектептің биыл 12-сін тапсыру көзделген. Қалған 4 нысанның құрылышы 2019 жылға өтпелі. Ал облыстық бюджеттен қаралған 11,5 млрд. теңгеге 67 нысан құрылышын жүргізіп, оның ішінде ағымдағы жылы 28 нысанды пайдалануға беру межеленіп отыр. Қалған 39 мектептің құрылышы 2019 жылға өтпелі», - деді Құттыбек Рахматуллаұлы.

Бұдан өзге, деңсаулық сақтау саласында 11 нысанның құрылышы жұмыстары жүргізіліп, 2018 жылы 1 дәрігерлік амбулаторияны пайдалануға беру жоспарланған. Қалған 10 нысан 2019 жылға өтпелі. Мәдениет саласында 2 мәдениеттің үйі мен 1 мұражайға қосымша нысанның құрылышы жүргізіліп, бұғінгі таңда 2 нысан пайдалануға берілген. Спорт саласында 3 нысан құрылышы жүргізілді, жыл соңына дейін барлығы пайдалануға берілетін болады.

Құрметті Түркістан облысының тұрғындары!

Мемлекеттік «7-20-25», «Нұрлы жер» бағдарламалары аясында Шымкент қаласынан пәтерлі болғыңыз келсе, 2018 жылдың 23 шілдесінен бастап «Тұрғын-үй құрылыш жинақ банкі» Шымкент қаласы әкімшілігінің халықтық кеңесі «Фронт-офис» гимаратында орналасқан кеңес орталығында түсіндіру жұмыстарын бастайды.

Бұл жерде, Сіз мемлекеттік тұрғын-үй бағдарламалары туралы толық ақпарат алып, тұрғын-үй жинақтары туралы көлісім-шарт жасай аласыз! Сондай-ақ, Шымкент қаласында бағдарлама аясында салынып жатқан құрылышы нысандары туралы ақпаратқа қанық боласыз! Мүмкіндігінді жіберіп алма!

Ақпарат алу үшін:
+7 701 605 36 39,
+7 705 486 96 08

Мекен-жайы: Шымкент қ., Рысқұлов даңғылы - Байтұрсынов көшелері қызылсында орналасқан Шымкент қ.

әкімшілігінің «Фронт-офис» халықтық кеңесі.
«Наурыз» аялдамасы.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам де-геніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жем-қорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ — *КР Бас прокуроры*



жөне қамауга алынғандардың саны 6,8 мыңдан 4,8 мыңға дейін төмendetілді. Прокурорлар 6 айда құқық қорғау органдары мен уақытша үстай изоляторындағы қызметтік кабинеттерден 3,5 еседен астам азаматты босатты. Яғни, бұл 126-дан 423-ке дейінгі көрсеткішті құрайды”, - деді Кайрат Қожамжаров. “Қылмыстардың 260 құрамы бойынша қоғамдық жұмыс пен басбостандығынан шектеу енгізілуде. Айыппұл көлемі төмendetіліп, 36 құрам бойынша бас бостандығын шектеу мерзімі азайтылуда. Ауыр қылмыстар бойынша жауаптылықта тартудың ескіру мерзімі 5 жылға қысқартылып отыр. Жалпы, бұл бес мыңға жуық сотталған азаматты бостандықта шығаруға мүмкіндік береді. Заңдылықты нығайту бойынша жұмыстар жалғасын табады”, - деді Бас прокурор. “Прокурорлық қадагалау нәтижесінде 3 млн азаматтын құқығы қорғалды. Мысалы, дең қою шаралары арқылы Алматы қаласы жөне Алматы облысында 800 мын тұтынушы үшін “АлматыЭнергоСбыт” ЖШС электр энергиясының 1 кВт/сағ тариф құны 16,9 теңgedен 16,3 теңгеге дейін төмendetілді. Қостанай облысында 10 мың бағбан қауымдастығы жөне өндірістік кооператив мүшелері үшін электртарифі 24 теңгеден 19 теңгеге төмendetілді”, - деді Кайрат Қожамжаров. “Жалпы, 45 мың азаматтын құқығы қорғалды. Енбекақы бойынша жарты миллиард теңге коломіндең карындар отелді

ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЭЛІМДЕМЕЛЕРІ

Мысалы, прокурорлардың ұсынуымен “Карашығанақ Петролиум оперейтинг ВВ” қазақстандық филиалының, “Қаз-МұнайГаз-Бұргылау” СБК” ЖШС, “Рязанов атындағы №25 көпір құрлығы жасағы” ЖШС және тағы басқа көспорындарда жұмыс жасайтын 4,5 мың жұмысшыны қайғылы оқығалардан сақтандырды”, - деп атап өтті Бас прокурор.

Даниыр АҚЫШЕВ –

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы



«Күн сайын халық цифрлық банкинг арқылы 6 миллиард теңге сомага 400 мың транзакция жүргізеді. Бизнес субъектілері қаржы операцияларының жетпіс пайызына да қашықтан қызмет көрсетіледі», - деді Қазақстан

Ұлттық Банкінің басшысы. Ол сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсетуді оңтайландыру үшін мемлекеттік органдармен электрондық өзара іс-әрекет жасауға көшу іске асырылып жатқанын атап өтті. Ағымдағы сөтте мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасау үшін мыналар қамтылатын бірқатар жаңа сервистер енгізілді: банктердің бюджетке қабылданған төлемдер туралы ақпаратты жедел мемлекеттік қызмет көрсету үшін ақытелеуге бастама жасалған сөттен бастап 15 минут ішінде мемлекеттік органдарга беру; занды тұлғалар мемлекеттік тіркелген кезеңде оларға электрондық үкімет арқылы банктік шотты онлайн ашу, қазіргі кезде 4 банк осы сервис арқылы қаржылық қызмет көрсетеді, сондай-ақ әкімшілік айыппулдар, салық берешегі жөніндегі ақпаратта жедел қолжетімділік алу үшін банктерді мемлекеттік органдардың жүйелерімен интеграциялау бойынша жұмыс жалғасуда. «Клиенттерге қаржылық қызмет көрсету кезінде олардан талап етілетін қағаз нысандағы анықтамаларды жою мәселелері қаржы секторы үшін маңызды болып отыр. Біз жүргізген талдау клиенттердің қазіргі кезде қаржы үйімдарына анықтамалар мен мәліметтердің 40-қа жуық түрін қағаз нысанда беретінін көрсетіп отыр. Бүкіл осы ақпарат мемлекеттік органдардың жүйелерінде бар және қаржы үйімдары оны мемлекеттік қорлардан тікелей алудына болады», – деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрагасы. «Ұлттық Банк жаңа технологияларды енгізуге байланысты жобаларды да іске асыруда. 2018 жылғы наурыздың соңында блокчейн технологиясы базасында «Invest Online» жүйесі іске қосылды. Осы платформаның көмегімен клиенттер онлайн-режимінде Ұлттық Банктың бағалы қағаздарына қаражатты орналастырады. Бүтінде жүйеде сатылған қағаздар көлемі 145 миллион теңgedен асып кетті», - деді сөзін қорытындылай келе Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Дэурен АБАЕВ –

ҚР Ақпарат және
коммуникациялар министрі



“Бүгінде қазақстандық телераудиоиндустрияда белсенді да-мып келеді. Осылайша, Қазақстанда 200-ден астам телерадиоарна тіркелген, аналогты цифирлық-кабельдік хабар тарату же-лілері сөтті жұмыс жасауда, қазіргі уақытта министрлік цифирлық эфирлік хабар таратуға көшубойынша жұмыстар жүргізіп жатыр және өз контентін шетелде сату бойынша отандық телеарналар табысты шараларды іске асырды. Осы жылдың қыркүйек айында біз Astana Media Week шарасын өткізууда жоспарлап отырмыз”, - деген сөзін түйіндеді министрліктің басшысы.

Елжан БИРТАНОВ –

Денсаулық сақтау министрі



«Біз үшін маңызды тағы бір жайт - ауруларды есепке алу. Мәселен, ана өліміне тоқталайық. Жүкті өйел Астанада босанып, үйіне қайтады. Екі аптадан соң қызыы көтеріліп, сепсиспен ауруханаға түседі. Оған диагноз қойғанда, жүктілігі есепке алынбайды. Мұндай жағдай бірнеше рет кездесті. Шын мәнінде статистиканың басқаша екенін көрдік. Ал қазір электронды паспорт арқылы барлық ауру тарихын көргөтегендегі болады. Енді пациенттің диагнозын жоғалтып алу, қандай да бір жайттарды жасырып қалудан арыла-мыз. Бұл медициналық көмек сапасына елеулі әсер етеді», - деді Елжан Біртанов. Елжан Біртановтың айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі бірінші кезекте қазақстандықтардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелеріне ерекше назар аударады. Бұл бағытта үлкен жұмыс жасалды. Саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру нәтижесінде соңғы 5 жылда еліміздегі негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерді жақсартуда жағымды серпін байқалады. Күтілетін өмір ұзақтығы 6 жылға ұзарды, жалпы елім-жітім – 26 пайызга, ана өлімі – 2,5 есе, сәбінің өлімі 2,6 есе төменdedі, қан айналымының жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім – үш есе, туберкулезден өлім-жітім – бес есе, қатерлі ісік ауруларынан болатын өлім-жітім 27 пайызга төменdedі. “Маңызды әлеуметтік маңызды мәселелердің бірі халықты қолжетімді және қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

бояшын табылатынын айта кеткім келеді. Өткен 10 жылда елімізді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сатып алынатын дәрі-дәрмек атаулары санының 2,5 есеге артқанын көрсетеді, мемлекеттік қаржыландыру сомасы 6,4 есе артқан. Мемлекеттік бюджет есебінен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген пациенттер саны соңғы 5 жыл ішінде 15%-га артқан. Дәрілік заттармен қамту процесінің тиімділігі мен ашықтығы максатында ағымдағы жылдан бастап амбулаториялық дәрі-дәрмектерді сатып алуды орталықтандыру жүргізілді; онлайн трансляция режимінде сатып алуды үйимдастыру; нәтижесінде 23 млрд. теңге бюджет қаражатын үнемдеуге қол жеткізілді”, - деді министрліктің басшысы

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ – *Ұлттық экономика министрі*



«Құрылыс саласы есепті кезең бойы біркелкі емес серпінді көрсетіп отыр. Яғни, атап өтсек, ағымдағы жылғы қаңтарда 14,9%, қаңтар-наурызда 5,9%, қаңтар-сәуірде 2,1%, ал қаңтар-мамырда

0,3% дейін жеткен. Осылайша, 2018 жылдың қаңтар-мамыр айларында құрылыс саласының өсу үрдісі нөлдік мәнге, ягни, 0,3% дейін жақында, ағым-дагы жылғы 6 айдың қорытындысы болынша 3,8% дейін күрт артқан. Өсу тұрғын үй гимараттарының, өнеркәсіптік және өлеуметтік нысандардың, магистральдық газ құбырлары мен құбыр жолдарының, газ компрессорлық станциясының құрылышы, Семей қаласындағы автокөлік жолдарын, ұшу-қону жолалық реконструкциялау, Шымкенттегі мунай-химия зауытын жаңғырту жұмыстарының артуына байланысты болған», - деді министр. Сонымен қатар, елдегі ауыл шаруашылығы өнімі 4,0% артып, біртіндеп күшеюде. Өсүдің ныгаюы мал шаруашылығының озық қарқынымен байланысты болып отыр. «Тұтынушылық сұраныстың қүшесі мен экономиканың нақты секторындағы тұрақты іскерлік белсенділік көрсетілетін қызметтер саласының өсу драйверлері болды. Оның өсүі 3,8% құрады. Сауда мен көлік саласында дамудың қолайлы серпінінің 5,9% және 4,9% жеделдеуі тіркелді. Байланыстың өсу қарқыны 5,9% құрады. Өнірлік бөліністе экономиканың барлық дерлік салаларында оң өсу қарқыны байқалады. Өнеркәсіпте з өнірден, ягни, Батыс Қазақстан (-1,4%), Түркістан (-3,9%) және Қызылорда (-4,7%) облыстарынан басқа барлық өнірлер өсүді көрсетіп отыр», - деген министр енді өнірлердің даму серпіні бойынша 16 аймактың орнына 17 өнірде бакылау жүргізілетінін атап етті.

Ақтөбе облысы

ҚАЛА АДАМДАРЫ ҮШІН: ЖАЯУ ЖҰРГІНШІЛЕР АЙМАҒЫ ПАЙДА БОЛАДЫ

Откен сенбіде Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Әбілқайыр хан даңғылы бойындағы жаю жұргіншілер құрылышының жобасымен танысты. Атап өтейік, аймақ басшысының тапсырмасы бойынша «Қала - адамдар үшін» тұжырымдамасын өзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды, оның бағыттарының бірі «Коршау жоқ қала», деп хабарлады Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жобаның бірінші кезеңінде жаю жұргіншілер аймагын Ә. Молдагұлова даңғылына Әбілқайыр хан даңғылы бойымен облыс әкімдігінен өрі қарай Абай бульварына жалғастыру жоспарланып отыр.

Атап айтқанда, жобада көшениң жөндеу және абаттандыру, орындықтар орнату, жасыл кеңістік, авторлық шагын сөүлет нысандары, құргақ фонтандар, жарық шамдар орнату, ойын және спорт алаңдарын салуды қамтиды.

- Болашақта жақсы жабдықталған жаю жұргіншілер аймагы қала тұрғындары мен қонақтарына демалу үшін ыңғайлы орын болады, - деді Бердібек Сапарбаев.

Сондай-ақ, қала әкімі Илияс Испанов жобаның әлеуметтік маңыздылығы туралы жоспарланған жұргіншілер аймагының аумагындағы гимараттар иелерімен насиҳаттау жұмыстары жүргізілгендігі туралы баяндады.

Атап өту керек, жоба Астана және Алматы қалаларының тәжірибелі ескереп отырып, осындағы жаю жұргіншілер аймактарын құру азаматтардың он қолдауларының нәтижесінде жүзеге асырылатын болады.

18 шілдеде қарағандылық суретші Кәріпбек Күйіков 50 жасқа толды. Облыс әкімі Ерлан Қошанов мерейтой иесіне қарағандылыктар атынан пәтер кілтін сыйга тартты, деп хабарлады Қарағанды облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Біз бұғін облысымыздың ең танымал тұмаларының бірінің мерейтойын атап өтіп жатырмыз. Сіз біз үшін рух мықтылығы барлығын жеңе алатаңын дәлелдеп отырган жансыз. Жарқын болашақ үшін, сіздің қажымас қайратыңыз үшін алғысмызды білдіргіміз келеді. Біздің Елбасымыз үшін Семейдегі ядролық полигонның жабылуы өте маңызды болды жәнеде сіз онда айтарлықтай белсенділік таныттыңыз. Сол үшін сізге раҳмет айтамыз. Біздің барлығымыздың атымыздан, менің әріптестерім, жерлестер, қарағандылықтардың атынан құттықтауымызды қабыл алыңыз. Біз сізді жақсы көреміз, сіздің батылдығыңыз алдында бас иеміз. Сіздің қызметтіңізге, өнерінізге немікүрайлы қарамайтын қарағандылықтар атынан сізге пәтер кілтін табыс етеміз. Сіз: «Менің қолдарым жоқ, бірақ мен барлық жерлестерімді жүрекіммен құшақтайдың» деуші едіңіз. Бұғін меніңше, барлық Қарағанды облысы сізді құшағына алып отырган се-кілді, - деді аймақ басшысы.

Мерейтой иесін құттықтау

Қарағанды облысы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЯДРОҒА ҚАРСЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫН БЕЛСЕНДІСІ К.КҮЙІКОВ ҚҰРМЕТТЕЛДІ



үшін әкімдікке оның достары мен жерлестері жиналды.

- Біздің Президент Семей полигонын жауып, барлығымызға жарқын өмір сыйлады. Бұл ретте Кәріпбектің еңбегі зор, ол Президентке көмектесті, ядролық полигонның жабылуы үшін күресті, Невада-Семей ядрога қарсы қозғалыстық үйимнің мүшесі болды, - деп атап өтті танымал пулицист Зарқын Тайшыбай.

Пәтер кілтімен қоса мерейтой иесінің иығына шапан жабылып, Құрмет грамотасы берілді.

- Сыйлық алу көнілге жа-

ғымды, алайда мен мерейтойма сүйікті қалам Қарағандым осындағы тосын сый жасайды деп ойламаппын. Маган пәтер кілтін табыс етеді деп тігін, ойлаган емеспін. Жәнеде өмірімде бірінші рет маган шапан сыйлап отыр. Бұл көңілдеріңіз мен үшін өте қымбат. Осындаң сіздердің таралтарыңыздан алып отырган жақсы көңіл келешекте бұдан да белсенді және жақсы қызмет етуге тұртқи болады деп ойлаймын. Менің жасап жатқанымның барлығы – мен өзім үшін жасап отырган жоқопын, барлығымызға арналып отыр.

Мен дүниеге келгенде ата-анам қатты қүйінген болатын, себебі олар қолдары жоқ балалы болды. Сондықтан, мен өмір бойы оларға барлық бала секілді екенімді дәлелдегім келді. Менің алға қойған мақсаттарым бірінші кезекте менің ата-анамның арқасында жүзеге асты, - дейді Кәріпбек Күйіков.

2016 жылы Қазақстан президенті Н. Назарбаев ядролық қауіпсіздік Саммиті кезінде АҚШ президенті Барак Обамага Кәріпбек Күйіковтың «Жарылыс» картинасын сыйға тартқан.

Алматы облысы

ІТ ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКА СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша Алматы облысының Енбекші-қазақ ауданы Шелек ауылдындағы № 1 орта мектепте ІТ және робототехника салыныбы ашылды.



Салтанатты рәсім Парламент Мәжілісінің депутаты Загипа Балиеваның қатысуымен өтті.

Бұл ІТ салыныбы «Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған тегін ІТ салынтарын ашу» жобасының негізінде жүзеге асып отыр. Бұл бастаманы қолданған бастамасымен облыстық мәслихат депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракция мүшесі, кәсіпкер Жангелді Осан демеушілік жасап, салынты жабдықтап береді. Бұл аудан орталығынан шалғай ауылдарға орналасқан елді мекендердегі жасөспірім балаларға ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің қырсыны менгеруге, ғылым жетістіктерін шынайы өмірде қолдана білуге, заманауи технологияны жетік менгеруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, атап жаю креативті ойлауға баулып, жастардың техникалық пәндерге деген ынта - жігерін оятуға бағытталған. Атап жаю іс-шара еліміздегі цифрландыру үдерісіне, азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға үлесін қоспақ.

Қызылорда облысы

«АГРОБИРЖА» ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕСІ ЕЛІМІЗДІН ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРИНЕ ДЕ ЕҢГІЗІЛДІ

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бастамасы бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін, тұқымдарды, ауыл шаруашылығы техникаларын, тыңайтқыштарды, химиялық заттарды сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға және қызметтерді пайдалануға болатын «Агробиржа» интернет-ресурсы құрылған.

Агробиржа жобалық басқару шеңберінде іске қосылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаеваның айтуынша, Қызылорда облысында Агробиржа құрутәжірибесі барлық өнірлерге ұсынылады.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Бақыт Жахановтың айтуынша, көбінесе тауар өндірушілер нарыққа тікелей қол жеткізе алмайды. Өндірілген тауарларды қайда, кімге және қай бағада сатылатындығының белгісіздігі тек аймактаған емес, республикада да шешілмеген проблемалардың бірі болып табылады.

«Азық-тұлік тауарлары бағасының өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі – дедалдардың көптігі екені ешкімге жасырын емес, сарапшылардың пікірінше олар 65-85% құрайды. Бұл бүрмаланған баға мен бағаны негізсіз көтеруге алып келеді, ал тауар өндірушілердің өзі аз пай-

дага қанагат етеді. Осы мақсатта біз «Агробиржа» ауыл шаруашылық өнімдерінің саудасына арналған электронды платформа құрдық. Ол сатылым нарығын кеңейтүге, сатып алушы мен сатушы арасындағы тікелей байланыстарды орнатуға, экспорттық операцияларды арттыруға мүмкіндік береді», - дейді Бақыт Жаханов.

Естерінізге салайық, www.agrosauda.kz веб-сайтындағы ақпарат қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде ұсынылған. Болашақта оған парсы тілін де қосу жоспарлануда. Айта кетейік, қызылордалық аграрлар өз өнімдерін экспорттайтын елдердің бірі - Иран.

Қазіргі уақытта интернет-ресурстарын жетілдіру жұмыстары жалғасуда, жақын арада «Агробиржа» мобильді қосымшасы іске қосылатын болады.

Міне, осы Ордабасы тауынц атын иеленген Ордабасы ауданында гүмір кешіп, ұл-қызы есіріп, ел ігілігі үшін аянбай тер төккен асқар таудай азamat тұрады. Ол-торқалы 90-ның төріне қарай батыл қадам басқан, ел-жүрттың арасында қадір-қасиет арттырып, құрметке бөленген Куаныш Керімбеков.

Куаныш Керімбеков Ташкенттегі ауыл шаруашылығы институтын бітірген соң, тоғыз жолдың торабы атанған Арыс қаласына қарасты Қараспан МТС-на жұмысқа орналасқанда, алға үлкен мақсат қойған еді. Ол-малшаруашылығындағы құрделі мәселелерге білек сыйбана атсалысу. Жас маманың бұл талпынысын шаруашылық басшылары қуана құптады. Бұл-

лекеттік стансасы «Қараспан» бөлімшесінің ага ғылыми қызметкері, көп ұзамай оның директоры болғанда, жерлесі ретінде қуандардың бірі едім.

Ғылыми қызметкер... Куаныш Керімбековтің еңбектегі шоқтығын біктіткен қызмет болды... Олай дейтінім, жастайынан ізденгіштігімен таңылған жастың ғылымға деген көзқарасы өзгеше еді. Өз ой-тұжырымын ортага салудан тартаңбытын азamat мал шаруашылығы үшін ненің тиімді, тиімсіздігін ажыратып, өзінің іс-тәжірибесін таратудан жа-лықпайтын жақсы қасиеті оны биікке үмтүлдірді! Құнделікті қым-қуыт тірлікін ортасында журсе де, бір сөт дамылдап, қолына қалам алып, іс-тәжірибені елекten өткізіп, оны

кораны дайындал, соңан соң жемшөп мәселесін шешкен соң малдан түсетін табыстан үміт етуге өбден болады. Бұл-Қуаныш Керімбековтің галым ретінде түйген тобықтай ой-түйіні. « КСРО-ның тұсында тәлімі жерге ауыл шаруашылығы да-қылдарын көптеп еккен кезде, жиналған өнімнен қалған ма-сақтың өзі сол салада ерінбей еңбек етіп жүргендердің өз отбасының қамы үшін мал ба-гуына ықпалын тигізетін еді-ау!

ага Керімбеков мал шаруашылығымен айналысып жүрген-де, сусыз жерге қарбыз егіп, алынған өнімді мал азығындық сабанға араластырып берген кезде, керемет азық болатынын іс жүзінде дөлелдеді. Таратып айтқанда, сусыз жерге егілген қарбыз піскен кезде үш көлік сабанға бір көлік қарбызды қоса артып жіберетін. Бұған таңданғандар да болды. Бірақ, қарбыз сабанға қосылып, езіл-ген кезде жұғымдылығы мол

корлары үшін ізденіс керек.

Жер, егіннің түрі, түсетін та-быс-негізгі мәселе болып та-былады. Бүгінгі таңда жасы-ратыны жоқ, алдымен түсетін табыс есептеледі... Жанұшы-рып базарда не өтімді болып жатса, соны етуге бейім шаруа-лар өздерінің жалғыз еместігін ұмытады... Соның салдарынан бір жылда әлігі «өтімді» деп санаган өнім базар серелерін басып кетеді де, бага бірден ту-седі... Бұл- шығынга батудың

*Киелі Ордабасың тауы
қаншама қиын-қыстау
уақытты бастаң өткөрғенімен,
бүгінгі келбеті жаң жадыратар
жақсы істерге толы. Жаңарып,
жасарып жатқан тау сонау 1993 жылдың
мамыр айында үш елдің Президенті бас
қосқан сәттен кейін өзінің өміршендігін
қайта жандандырып, айналасына игі*

*жақсылардың жинақ, алқалы жиын
өткізуі дәстүрге айналдырығандай.
Сонау жаугершилік заманда қазақтың
батыл ерлерін бір ортага жинастырып,
топ бастап, ел қамын ойлаган Төле би,
Әйтке би, Қазыбек билер бас қосып,
кеңескен Ордабасы тауы бүгінде
аздап алласарғанымен, өзінің
қадір-қасиетін жогалтқан*

Пейілі дария - ғалым қария



Суретте: Қ.Керімбеков

Куаныштың еңбекке деген құлшынысын арттыра тусты.

«Ол бір тамаша кезең еді гой»-деп еске алады қария. Еңбек етсең, мал шаруашылығы да, ауыл шаруашылығы да өркен жайып, ел ігілігін арттыратын. Озаттар оза шауыпп, еңбектің көрігі қызатын... Үкімет тарапынан сый-құрметке бөленіп, Құрмет тақтасына сүреті ілінген соң, сол биіктен түсіп қалмас үшін, қажырлылық танытатын. Міне, еңбекке жаңа араласқан ага агроном үшін бұл ұтымды кезең болды.

Институтта алған білімін практика жүзінде жетілдіріп, малдың өсімталдығы гана емес, оның тиімділігін арттыруға күш салуға мүмкіндік туды. Изденгіштігі, тындырымдылығы еңбексүйгіштігімен ұштасып, шаруашылықта «Ага агроном Куаныш Керімбековпен ақыл-дасайын деп едім» деген ма-мандар қатары көбейді. Дөл осы сәттерде қолыма қалам үстап, аудандық «Коммунизм таңы» газетінде еңбек етіп жүргенде, Куаныш ағаның еңбекке деген ынта-ықыласының нәтижесі-жемісті еңбектерінің күесі болғаным, МТС-тың жақсы істеп-рін аудандық газетте жариялад, жақсы істін жаашыры болып жүрген ізденгіш азamatтың ажарын ашатын материалдар бергенім есімде. Сонда осы қағілез, қимылы ширақ, үнемі қарбалас жұмыс үстінде жүретін Куаныш Керімбековтің көргенде, шынында да риза болатынмын. Телефон арқылы хабарласып, шаруашылық жаңалықтары жайлы сұрай қалсам, рет-ретімен сауатты түрде жауап беретін, сонда үқыптылығына қайран қалатынмын.

Көзі ашық, көкірегі ояу азamatтың Красноводопад мем-

ерінбей қағаз бетіне түсіріп жүретінін көрген өріптестері де орталарында осындағы білімді, білікті азamatтың болғанына тәубе дейтін.

Уақыт сынаптай сырғып өтіп жатыр... Осыдан 23 жыл бұрын зейнеткерлікке шықты, ғылыммен мықтап айналысуга мүмкіндік туды. Қөшпілікті тәнті етіп, ауыл шаруашылығы гылымдары саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, ерледі.

Куаныш ағаның өмірден алған тәжірибесі- мал шаруашылығымен айналысқанда, алдымен жемшөп даярлаудың маңызы зор екенін көз жеткізді. Адамзат үшін ас-судың қалай қажет екені айтпаса да түсінікті. Ал, мал шаруашылығымен айналысқандардың мал корасында жемшөбі мол болмаса, өнімділікті арттырамын деу бекершілік! Демек, алдымен

Казір неге солай етпеске!? Егер өзі малмен айналысқан тұрғындар отбасы қажетінен арттылған етті мемлекетке өткізіп отыrsa, бұл да табыс көзі емес пе? »-деп ойлап қояды. Ол кезде жас екен-ау, шаруашылық қамымен бірге шаруалардың хал-жадайын көбірек ойлайтын еді...

Бұл құндері де бойда күш-куат тұрғанда, Тәуелсіз Қазақстан-ның туы біктікелікке желбіреу үшін өз тарапынан білгенін үйретіп, тәжірибесін тарату арқылы мал шаруашылығын өркенде-түгे үлес қосуды мақсат етеді. Куаныш аға зейнеткермін деп кол құсырып отыра алмайды, бұл оның табигатына жат өдөт.

Қазақстанда жер көп... Тиімді пайдалану жағы коніл көншітпейді. Бұл-шындық. Мұны бәріміз. Бірақ, бойда енжарлық басым немесе қажырлылық кем... Мәселең, қазір айтса, ертегі сияқты... Бірақ, Куаныш

мал азығы дайын болатын да, малшылар сабанды сүйсініп жеген малға қарап қуанатын... Мал салмағын арттыру үшін де тәсілдерді жетілдірді. Нәти-жесінде малдың салмағы күн сайын 1,5-2 келіге артып, шаруашылық тасы білкікке өрлеген сәттер көбейген еді. Мұндай тиімді тәсілдерді бүгін неге шаруашылықтарға енгізбеске!? Фылымға бетбұрыс жасап, агрономдар ізденетін болса, көсіпкерлердің көкжиеігі кени түсетіні анық.

Куаныш Керімбеков кейде ойланып қалады. Үкімет қажетті қаржыны бөліп, көсіпкерлерді қолдан жатқанда, көсіп-керлікті қолдау қорлары тек несие алуға үгіттеу алдында оны дамыту жолдары, табыс көзіне жетудің алғы шарттары туралы жиналғандар алдында айттып берсе болмас па еді? Әрине, ол үшін көсіпкерлікті қолдау

басы... «Осы мәселелерді үй-лестіріп алмайынша, мал шаруашылығын өркендету мүмкін емес»-деп ойлайды Куаныш Керімбеков ақсақал. Фалымның топшылауынша, жердің құнарлылығын арттырымайынша, мол өнімге қол жеткізу мүмкін емес. Минералды тыңайтықштар, сондай-ақ азот, калий, фосфор жердің құнарлылығын арттырығанымен түсетін табыстың бір бөлігі қыруар ақшага сатып алынған соң шығынға жол беріледі. Кейде оларды сатып алуга қаражат бола бермейді. Ал, ауыспалы танап ұмытылады... Егер жерге өнім егерден бұрын осы жағын мықтап ойластыраса, шығын да азаяр еді, көбейер еді.

Кейде теледидар көріп, радио тыңдайды. Сонда ауыл шаруашылығы мамандарының шаруаларға берген кеңестеріне қарны ашады... «Ізденбейді, әйтпесе, ғылымда дәлелденген гой, оны іс жүзінде пайдалansa болғанды...»-деп ойлап қояды.

